



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Жартасқа өрмелеу табиғи немесе жасанды түрде қалыптасқан жерлерге шығудың белсенді түрлерінің бірі болып табылады. Осылайша, спортшыда рок құрылыстарының табиғи қасиеттерін, саусақтардың беріктігі, қолдың күші, аяқтары мен барлық магистральды пайдалану мүмкіндігі бар. Әрі кейбір адамдар экстрималды спорт арқылы сынған рухын қалпына келтіреді, кейбіреулер болса бұлшық еттерін жақсартқысы келеді, сол себептен өрмелеп шығу құрылысы осы жағдайда жақсы шешім болып табылады. Мысалға: Алматы қаласында тек скейтбордингпен 15-18 жасар аралығындағы жасөспірімдер саны 300-ден асады. Бұл тек қана жасөспірімдер және тек бір қала. Қазақстан Республикасында тек скейтбордингпен айналасатын адамдар 500000 жуық келеді. Оларға жақсы алаңдарды табуға аса қиын болып табылады, кейбіреулер ондай алаңдарды табалмағаннан кейін қаладағы қоғамдық құрылыстарды қолданады. Мысалға: баспалдақтар, қаптама, орындықтар, кішігірім сәулет құралыстарды қолданады. Бірақ та қоданғаннан кейін қоғамдық құрылыстар сына бастайды. Осындай қателік болмас мақсатында оларға жеке алаң жасалуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 8 лучших в мире экстрим-парков, где действительно сердце уходит в пятки //Электрон. дан. Режим доступа URL: https://novate.ru/blogs/200814/27398/Book_6.htm (дата обращения 01.12.2017)
2. ЕЖ 31-115-2006. Спорттық және спорттық ғимараттарды ашу. Дене шынықтыру және спорт мекемелері. - Енгізілді. 2007-01-10.- М.: М.: ФГУП ЦПП, 2007. - 27 с.

ӘОЖ 687.016

ЭТНИКАЛЫҚ СТИЛЬДІҢ ДИЗАЙНҒА ЫҚПАЛЫ

Қаһарман Аружан Айдарқызы

kaharmanovaa@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының
3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Тусупбекова Шолпан Мукаметкановна

Қазіргі кезде этникалық стильдегі жұмыстар жылдан жылға өзекті болып келеді. Өр ұлттың өзіне тән колориті бар, сол арқылы халықтың тарихын, салт-дәстүрін, күнделікті тұрмысын сезіне аламыз. Осы ерекшеліктерді дизайн саласының мамандары ұтымды әрі қарқынды қолданылуда. Бұл бағыттың ауқымдылығы шексіз. Мәдениетке деген ықпалы да өте зор болып табылып отыр.

Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде жүріп жатқан үдерістердің күрделілігі негізінде мәдениеттің жаһандануымен байланысты, адамзат мәдениетін қалыптастыруға байланысты туындайтын проблемалар, әртүрлі ұлттық мәдениеттердің кездесулері орын алатын бірыңғай кеңістік. Адамзат гуманитарлық, экологиялық проблемаларды шешуге, ұлттық және діни жанжалдарды шешуге тырысады. Мәдениеттің жаһандануы транскультурализм және өзін-өзі анықтауды (самоидентификация) сияқты қарама-қайшы үрдістерді өзекті етіп отыр. Осы қарама-қарсы үрдістер өнер мен күнделікті мәдени тәжірибелерде, соның ішінде дизайн саласында көрініс табады. Бүгінде күнделікті өмірдің кеңістігі, адамның көрнекі кескіні мәдениеттің түрлі деңгейлері қиылысатын орны болып табылады. «Өмір салты, бір кездері мәдениетке қарама-қайшы болса, қазір оның бір бөлігі болғалы отыр», – деді В. Лелеко[6,52]. Ғасырлар бойы костюмнің негізгі қағидаты – «Мен кімін, өзімді солай көрсетемін» осы принцип арқылы әлеуметтік және отбасылық мәртебесін, азаматтығын, сондай-ақ мамандығын, адамның тұрғылықты жерін дәл анықтауға болатын.

Бүгінгі таңда костюм тек қана шынайы жағдайды емес, сонымен бірге қалаған ұлттық, әлеуметтік және мәдени сәйкестікті ұсынып, әркімге «Мен өзіме ұнайтындай көрінемін» деген принцип бойынша таңдау береді. Осы тұрғыдан алғанда, этникалық бағыттың

дизайнда дамуы, бір жағынан мәдени айырмашылықтарды мәдениетаралық имидждің түсіне айналдырса, екінші жағынан, оларды қазіргі адамға өзектілігін сақтауға тырысады. Осы тема зерттеуге маңызды болып келеді.

Бұл зерттеу үшін мәдениетті күрделі, сызықты емес өзін-өзі дамытатын жүйеге жатқызатын М.С. Каганның тұжырымдамасы маңызды. Қазіргі заманғы дизайн мен сәнді дамытудың түрлі аспектілерін мәдени құбылыстар ретінде Ж. Бодрилярд, Ж. Липовецкий, Г. Лола, В. Глазичев, Р. Барт, Л. Свенсон қарастырды. Дизайндағы этникалық үрдістің дамуын Н. Калашникова, К. Богданов, А. Гофман, М. Мерцалова, М. Короткова зерттеді.

Сәнді қозғалыс деп атаса да болады, оның мақсаты қозғалыстың өзінде, яғни өзгеріс үшін өзгеру. Сонымен бірге сән, сыртқы көрініс, мінез-құлық түрі, белгілі бір мәдениетке тән құндылықтар арқылы нормативтік құндылықтардың әлеуметтік-мәдени динамикасына байланысты болады. Қазіргі заманғы сән туралы айтқанда, «Look»–келбет, түрлі стильдердің жеке үйлесімі деген тұжырымдаманы қолданады. Жиль Липовецкий бұл процесті «дирижер» ғасырлар өзгерісі, «киімнің әртүрлі үлгілерінің арасында ғана емес, үйлесімсіз жолдар арқылы өзінді көрсету» таңдау кезінде, «ашық» сән үшін біртұтас сән үшін, ойын логикасы деп сипаттайды[7,150]. Қазіргі заманғы сән үшін, тарихи көркемдік стильдер, ұлттық костюмдер бұл өзекті мәдениет–әр түрлі образ құрастыруға болатын қанық түстерден құралған палитра.

Егер мәдениет үшін дәстүр мен мәдени үлгілер қорғаныштық мәнге ие ядро болса, онда сәнде керісінше үлгілердің құндылығы сән стандарттарының ауысуына байланысты өзгеріп отыруымен анықталады. Әсіресе, А. Хоффман сәндегі инновациялық тәсілді ескере кетеді. Оның пайымдауынша этникалық бағытты өзектендіру арқылы жаңартуға қолданса болады және бұл әдіс қазіргі заманның өнертабысы емес екендігін айта кетеді[3,43]. Инновация дәстүр арқылы бұрынғының тынысын алып келеді, сән үлгілерінің трансформациясын және олардың жаңа контексттегі реабилитациясына мүмкіндік береді. Сәнге арналған дискурста мәдениет мәнмәтінінің мазмұны «қазіргі кездегі» сәнді стандартта көрсетілсе ғана құндылық ретінде қабылданады. Осылайша, сәннің мәдениетті дамытумен шексіз байланысы бар. Сән–мәдениеттің бір бөлігі, сондықтан ескі іздері өшірілмейді және өзгеріссіз тарихта қалады, және де жаңадан шыққан тенденцияларға да қатысы бар. Сән–салтты еске түсіру арқылы, оған тек мәдени негіздің терең қабаттарында қалуға ғана емес, функцияларын енгізіп, жаңартуға да мүмкіндік береді. Бұл контекстте этнотенденциялар социумға өзекті және маңызды болып келе жатыр дәстүрлі мәдениеттің бөлігі болғаны үшін ғана емес, заманауи заманда өмір сүру құралы ретінде және адам мен табиғат арасындағы ерекше қарым қатынас конфигурациясы ретінде қарастырылады.

Дизайндағы ұлттық мотивтердің тарихы–XX ғасыр шегінен асып кететін тақырып. Сонымен қатар, экзотикалық елдерге және стильдерге деген қызығушылыққа қарамастан, XX ғасырдың бірінші жартысында, этникалық костюм, интерьер, соғыстан кейінгі кезеңнің ашылуы болады. Дизайн теориясы тұрғысынан этникалық бағыт тек қана сән подиумы ғана емес, сонымен қатар көше сәні, дизайнда өзекті тренд болып табылады.

Этникалық үрдістерді зерттеу кезінде, этникалық үрдістер, ұлттық стиль және фольклор анықтамаларының айырмашылығын білу қажет. Теориялық тұрғыдан ұлттық және этникалық костюмдер арасында айырмашылық бар. Біріншісі дәстүрге шақырып, оларды жалпылап және түсіндірсе, екіншісі, ұлттың түсіне (колорит), этнографиялық ортасына экологиясына және сол немесе өзге елдің стилінің нюанстарына көбірек көңіл бөлінеді. Этникалық стиль ұлттық костюмнің тарихи қалыптасқан формаларын қайта құруға емес, адам мен табиғат арасындағы үйлесім идеясын бекітуге шақырады. Этника мен ковбойлық стилді үйлестіріп-жыртық шалбар, үнді орнаменттерімен тігілген жейдені киіп, жыныстық бөлінісі жоқ киімді киген хиппи заманны жаңа қалалық этнографияны өзекті етті. Шын мәнінде, хиппи әлі де дизайнның негізгі тақырыптарының бірі болып табылады (1–сурет). 1960 жылдары американдық үнділердің, Алясканың Эскимостарының, Ганга жағалауынан шыққан қашқындардың, Африка тайпалары мен Океания халықтарының киім-кешектері сол замандағы сән уйлері бере алмаған колоритті берді. 1970-жылдары, костюмдегі ансамбльді

жинақ (комплект) алмастырғанда, ал стильдер түстер палитрасы ретінде қарастырылғанда, этника диско, милитари стильдерімен қатар өзекті болып есептелді.



1–сурет. Хиппи стиліндегі киім

Зерттеудің жеке тақырыбы–фольклорлық стиль. Ағылшын тілінен аударғанда ұлттық костюмнің элементтерін заманауи киіммен үйлесімді қолдану деген мағына білдіреді[5,216]. Фольклорлық стиль табиғи маталар, тоқыма шілтер және кестелер, табиғи тастарды сақтап келеді. Модельдеу саласындағы маманы былай деп жазды: «Бұл (Фольклорлық киім) сән үшін тек ұлттық костюмнің құрылымын, оның безендіруін, сондай-ақ оптимизм рухын, адамның жаңа бастамасына қуаныш пен сенімділік»[2,34]. Кантри, деревенский стиль, европейлік крестьяндық костюмның мотивтары 1930 жылдары сән үлгілерінде біліне басталды, ал 1970 жылдары күнделікті киімде белсенді түрде көрінеді.

Этникалық бағыт, шын мәнінде, этникалық стильге қарағанда ауқымды құбылыс болып табылады. Егер стиль–өнерде белгілі бір орынын тапқан элементтердің, композициялық, техникалық әдістерінің жиынтығы болса, бағыт–көркем ойлаудың бір категориясы. Этникалық стильдің интерьерде көрінетін ерекшеліктері–экзотикалық маскалар және фетиштар, оюлары бар маталар, леопардтық қаптамамен жасалған жиһаз, сөрелерде орналасқан калембастар, жерге төселген зебраның және басқа аңдардың терілерін кеңістікте ұтымды қолдану. Этникалық ойлаудың ерекшелігі тек қана халықтың өнерімен байланысты емес, оның ұлттық ерекшеліктерімен, экологиялық ойлаумен байланысты, фольк–стилін де этникалық бағыттың бір бөлігі деп айтса болады.

1970 жылдары этникалық бағыт тәжірибеде қолданыс тапқан дизайн саласында ерекше трендке айналды. Этникалық өзіндік түсі жарқын экзотикалық бейне береді, оны орнаменттер, экзотикалық материалдарды, ерекше конструктивтік ұлттық формалар образды ерекше етеді. «Этно»–табиғатпен үйлесімде өмір сүрудің бір бөлігі ретінде (ұлттық мотивте орындалған маталар мен декор элементтері, табиғи түстерді интерьерде және костюмде қолдану). Интерьер дизайнында, модельерлердің коллекцияларында осы үш түр бір бірімен және басқа да трендтермен қатынасады. Маңызды ақпараттың бірі этникалық стильде орындалған интерьер немесе костюм заманауи стилдің бір бөлігі болып есептеледі яғни оны ұлттық стильге жатқызбаймыз.

Материалды дәстүрлі әдіспен өңдеу, бояу–этникалық салада ерекше маңызға ие болып табылады. Ал жасанды материалдарды өндіру қоршаған ортаға зиян келтіреді. Хиппи бағытына оралсақ, олар дәстүрлі киім тігу әдістерін қолданды. Олар: печворк техникасы, кестелеп тігу, бисер, стеклярус, тоқыманы қолданған. Қолдан жасалынған заттар буржуазиялық құндылықтарға қарсы символ болды, ал этникалық орнаменттер мен дәстүрлі техникаларды қолдану табиғатқа оралу болып есептелді.

XX ғасырда экономикалық тұрақсыздық пен саяси өзгерістер болған кезде киім-кешектерді үй жағдайында жасау өріс алды. Сол кездері трикотаж материалы танымал және

сұранысқа ие болды. Жастар стилі (молодежный), спорттық стиль және «casual» стильдеріде этникалық дәстүрлерді қолдана бастады, яғни трикотажды, бисерді, макрамені қолданды (2–сурет). Кестелеу, макраме, бисер бұйымдарын, шеттерді пайдалану жастар арасында ассалық өмірге қарсы демократиялықтың белгісіне айналды.



2–сурет. (Kazuyuki Kumagai unveils SS16 collection)

Киім жасауда дәстүрлі материалдарды пайдалана отырып, түпнұсқа кесінділерді және стандартты емес «Тіркемелерді» (бекіту элементтері, қосалқы бөлшектер) Kazuyuki Kumagai брендінің негізгі концепциясына айналды. «Attachment» бренді жуырда пайда болды, 2006 жылы жапондық жапон сән мектебінің дәстүрлерін (3–сурет) жалғастырып отырғандығына дәлел болып отыр. Дәстүрлі әдіспен киіс дайындау, қолмен тігу, тығыз ынтымақтастық. Фабрикалардың болуы, талант және технологиялардың үйлесімі бұл брендті танымал етуде.

Этникалық идеялар костюм дизайнын бірнеше бағыт бойынша білінеді. Біріншісі экологияны таза ұстау мақсатымен этникалық бағытқа қызығушылық. Осындай мақсатпен өзінің киім үлгілерін шығаратын сәнгерлер Яомото, Разумихин және т.б. Екіншісі этникалық формалардан эргономикалық компоненттерді іздеу (Зайцев, Кензо, Рикель). Этникалық стильді жеке тұлғаның түсі ретінде дамыту (Вествуд, Макквин, Гальяно) немесе ғажайып ертегінің бөлігі ретінде, P. Poiret (Valentino, Ferragamo, Prada).



3–сурет. Яомото дизайнерінің коллекциясы 2014 ж.

Этникалық бағыт 1960 жылдардан бастап қазір қолданыста пайдаланатын материалдардың дамуына, өзгертілуіне өз үлесін қосты. Бұл құбылыс әсіресе Қиыр Шығыстағы сән

үлгілерінен анық көрінеді. Біздің отандық дизайнерлерге үлгі бола алатын жайт.

Қаіргі уақытта Қазақстандағы отандық дизайнерлер де этно стильден шабыт алып отыр. Сол арқылы халқымыздың байтақ тарихын көрсетуде. Этно стильді қолданатын атақты дизайнердің бірі Ая Бапани. Аз уақыттың ішінде көзге ілінерлік, (4–сурет) ерекше стилімен есте қалады.



4–сурет. Ая Бапанидың коллекциясы 2014 ж.

2006 жылы бірінші рет киім үлгісін жарыққа шығарды. Миланда өткен сән халықаралық фестивалінде «Оригинальный дизайн» номинациясының алтын жүлдегері болды. Солтүстік Америкада өткен Vancouver Fashion Week іс-шарасында «Орталық Азия ханшайымы» атты жаңа коллекциясын әлемге танытты. Іс-шараға Германия, Корея, Италия, АҚШ, Қытай, Франция, Жапон, Ұлыбритания, Латын Америкадан 100-ден астам дизайнерлер қатысты. Отандық дизайнеріміздің коллекциясы сән индустриясының мамандарына ұмытылмас әсер қалдырды. Атақты Vogue журналының сыншылары Бапанидың коллекциясында модерн және ұлттық колориттің үйлесімі ерекше стиль туыдырғанын атап өтті.

Этно-үрдістердің дамуына байланысты заманауи мәдениеттен бірнеше даму векторларын ажыратса болады. Технологиялық өркениет, бір жағынан адамды дәстүрден шегертсе, екінші жағынан оның тарихқа қатынасы түрлі мәдениет арасындағы шекараны бұзады. Іс жүзінде этно бағыт дизайнда өзіндік этникалық және діни ерекшеліктерін сақтауға және ұсынуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Богданов К. Фольклорная действительность: перспективы изучения // Повседневность и мифология. СПб.: Искусство, 2001.
2. Горина Г. С. Народные традиции в моделировании одежды. М.: Легкая индустрия, 1974. 184 с.
3. Гофман А. Б. Мода и люди: новая теория моды и модного поведения. М.: Наука, 1994.
4. Каган М. С. Глобализация как закономерность процесса развития человечества в XXI веке // Глобализация: синергетический подход. М., 2002.
5. Калашникова Н. М. Народный костюм (семиотические функции): учебное пособие. М., 2002.
6. Лелеко В. Д. Пространство повседневности в европейской культуре. СПб.: СПбГУКИ, 2002.
7. Lipovetsky G. The Empire of Fashion: Dressing Modern Democracy. P.: Gallimard, 1987.

УДК 769.91

РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ ПУТЕМ СОЗДАНИЯ ВИЗУАЛЬНОГО ОБРАЗА

Максутова Амина Мирлатовна

mirlmin8@gmail.com

Магистрантка 1 курса кафедры «Дизайн и инженерная графика»,

6520